Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 36 (1091)

16.09.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТИІСТІ ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЭКОНОМИКА, ҒЫЛЫМ, ЦИФРЛАНДЫРУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛҒАН ЖИЫНДА ҚР ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРІ ӘЛІБЕК ҚУАНТЫРОВ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 8 АЙЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАЯНДАДЫ.

Министрдің сөзінше қаңтар-тамыз айларына дейінгі Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 3,1 пайызды құрады. Нақты сектордағы өсу 3,3 пайыз болды. Қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділік 2,3 пайызға өсті. Салалар арасында құрылыс, ақпарат және байланыс, көлік және қоймалау, сауда, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, таукен өндіру өнеркәсібі оң өсу қарқынын көрсетуде. Сонымен қатар мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінген инвестициялар 2 есе, білім беруге бөлінген инвестициялар 59,1%, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсетуге бөлінген инвестициялар 30,1%, саудаға бөлінген инвестициялар 21,9%, қаржы және сақтандыру қызметіне бөлінген инвестициялар 20,2%, жылжымайтын мүлікпен операцияларға бөлінген инвес-тициялар 18,8%, құрылыс саласына бө-лінген инвестициялар 15,7% өскен.

Жиында «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Ұлттық жоба аясында мемлекеттік қызмет көрсетудің 175 бизнес-процесіне жаңа әдістеме бойынша реинжиниринг жасалғанын хабарлады.

Өз кезегінде Әлихан Смайылов: *«Бізге жұмсалған қаражаттың тиімді қайтарымы қажет. Отандық индустрия, ғылыми қоғамдастық, университеттер мен бизнес барынша өзара тығыз байланыс орнатуы керек. Ғылыми жетістіктер өндіріске енгізіліп, халыққа нақты пайда әкелуі тиіс. Ғылым министрлігі бұған ерекше назар аударуы керек»*, – деп соңғы жылдары ғылым туралы заңнамаға біршама өзгерістер енгізілгенін және оны қаржыландыру 2 есеге жуық өскенін айтты.

Премьер-Министр бірқатар бағыттар бойынша бұрын белгіленген жоспарлар мен кейбір көрсеткіштердің орындалмай қалғанын да атап өтті.

«Жалпы, интернет-қызметтердің сапасына сұрақтар бар. Алыстағы елді мекендерді айтпағанда, біздің ірі қалаларымызда интернет байланыстың сапасы барлық жерде бірдей жақсы емес. Халықтан түсіп жатқан шағым көп. Егер интернет байланыс жақсы болмаса цифрлық платформалардың және ақпараттық жүйелердің пайдасы жоқ. Цифрлық даму министрлігі бұл мәселені ерекше бақылауда ұстау керек», – деді Әлихан Смайылов. Сондай-ақ ол цифрландыру саласындағы барлық мүдделі мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жұмысын үйлестіруді күшейту қажет екенін айтты.

Жиын барысында Әлихан Смайылов ақпараттық жүйелердің істен шығуын азайтатын жүйелі шаралар қабылдауды, биылғы жылдың соңына дейін «Отбасының цифрлық картасы» және «Әлеуметтік әмиян» жобаларының тиімді жұмысын қамтамасыз етуді, сондай-ақ, 2023 жылдың соңына дейін «Kaznedra» платформасын іске қосуды тапсырды.

Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс ішкі нарықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мәселесі де қаралды.

Жиынды қорытындылаған Әлихан Смайылов 15 қыркүйектен бастап жанармай құю станцияларында жанар-жағармай босатуды есепке алудың цифрлық жүйесін енгізуді, ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін жеңілдікті дизель отынын бөлу жүйесін енгізуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ, өңірлердегі халықты сұйытылған газбен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НЕГЕ?

САХНАДАН СӘН, СӨЗДЕН МӘН КЕТТІ

Қазақ қай заманда да әнде кие бар деп ұққан. Ертедегілер қолына домбырасын алып күй тартып, әуезді әнін шырқап «Әу» демейтін қазақ жоқ деп жүретін-ді. Қазіргілер де «әу» дейді, бірақ, дәл сол бұрынғы ата-әжелеріміздей емес. Баяғының «Халық әндері», «Шәмшінің әндері», патриоттық әндер ұмыт болғалы қай уақыт. Ал бүгінгінің әуендері туралы айтудың өзі өкініші. Қазір екінің бірі әнші, екінің бірі жұлдыз. Алайда айтқан ән жүрекке жетпейді. Туындыларын шығара сала, жарқылдатып бейнебаян түсіріп, оны эфирден көрсетуге асығады. Кезінде үлкендер шетелдің әнін тыңдап жүрген баланың жайын ойлайтын еді. Қазір өзіміздегілер де шет еліннен құр қалып жатқан жоқ. Өсіп келетін жастарды жілігі татымайтын арзан жылтырақ-қа үйір етудің үлгісін барынша көрсетіп келеді.

Әмбебап сазгерлер де күннен күнге көбеюде. Әні мен сөзін өзі жазады, өзі орындайды. Оған тағы тарсыл, гүрсілін қосып әннен сән, сөзден мәнді қашырады. Жасыратыны жоқ, кейбір концерттерде әншілерге қарап қарның ашады. Халық алдында жүрген азаматтар болған соң жауапкершілікті сезінсе ғой дейсің. Керісінше көретінің – алқын-жұлқын қимылдап, қалай болса солай киініп, сахнаның киесінен қорықпайтын, көрерменді сыйламайтындар болады. Әншілердің көбі жеңіл ақша табуға әуестеніп алды. Тыңдаушының да талабы соған сай. Әр жерден ұрлап-жырлаған әніне тойда жер тепкілеп билеп қайтқаннан басқа жасары болмай тұр. Өнердің насихаты емес, күн көрістің амалы екенін еріксіз мойындайсың. «Көңілге түрлі ой салар» деп Абай ақын айтқандай, жүрек қылын тербейтін әндер жайында емес, пендешіліктен өнерге қарай созылған ісіне налисың. Сахнаның салмағын сезінбейтіндер шығарып, айтып жүрген әндерінің аты да айғайлап тұр-ау. Мәселен, «Чики-чики», «Ұйқым келмейді», «Пайдақор», «Красный көйлек» секілді әндердің тақырыбынан-ақ мәтіннің қандай екенін білуге болады. Осыған қарап бүгінгі жастар сөз бен әннің жүйесі мен мағынасын түсінбейтін жағдайға жетті ме деген ойға қаласың. Сахнада селкілдеп би билеп, мәнсіз ән айтатын әншілер жастардың үлгі тұтатын тұлғасына айналғаны қорқынышты. Ең қауіптісі – соларды үлгі тұтып, өзінің ұлттық музыкасына емес, өзгенің жеңіл, сырты жылтыраған іші қуыс әндеріне бой үйреткен жастар тобы толық қалыптасты. Тіпті, «rap», «q-pop», «r'n'b», стиліндегі әндер өтімді болғасын басқасын айтпай-ақ қоялық.

«Әннің де естісі бар, есері бар» дейтін халық едік. Қазір соның естісі ескі заманда қалып қойып, бізге тек есері жеткендей күйдеміз. Танымы кең, талғамы биік бабалар салған өнерді қадірлеп, жандандырудың орнына, сол жолдан жаңылып барамыз. Неге?

А. БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

АҢДАТПА

ДАБЫЛ! 4-бет

ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚҚА ЗӘРУ

МЕРЕЙТОЙ 7-бет

«АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, АБЫЗЫМ»

МИР НЕ БЕЗ ДОБРЫХ ЛЮДЕЙ 10-стр.

СКИНУЛИСЬ НА ВОЗМЕЩЕНИЕ УЩЕРБА

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА 12-13-бет

ҚАЗАҚТАН БАҚЫТЫН ТАПҚАН АНАСТАСИЯ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жетінші сайланған Парламенттің үшінші сессиясының ашылуында Қазақстан халқына «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті жолдауын арнаған болатын. Осы орайда Журналистер үйінде жолдаудағы кезекті тапсырмаларды іске асыруға байланысты брифинг өтті.

Басқосуға Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы Зайда Ілімжанова, облыстық «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры Эльмира Боранбек қатысты.

Брифинг барысында Жетісу облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры Эльмира Боранбек баяндама жасады.

«Алдағы уақытта бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұзартылды. Осы ретте, аталған норма жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін ата-аналарға да қолданылады. Оған қоса, бала күтімі бойынша жәрдемақы алуға үміткер әрбір ата-ана оның әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі неғұрлым көп болса, төлем мөлшері соғұрлым жоғары болатынын білуге тиіс. Бүгінде бұл төлем МӘСҚ-ға аударымдар жүргізілген табыстың 40%-ын құрайды. Ал жұмыс істемейтін немесе бала туылғанға дейінгі соңғы екі жылда 6 айдан кем жұмыс өтілі бар ата-аналар жәрдемақы мен төлемдерге тек мемлекеттік бюджеттен ғана үміткер бола алады», – деді ол.

Баяндамашы сөзінше ең төменгі жалақы мөлшерін арттыру шаралары да іске асуда. Бүгінгі күнге дейін республикада ЕТЖ деңгейі 60 мың теңгені құрап келді. Жолдауда ең төменгі жалақы 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылатыны айтылды. Еңбекақы өскен жағдайда осы деңгейде жалақы алатын 1,8 млн. адамды тікелей қамтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қызметкерлердің разряд-тары мен біліктілігінің еңбекақы төлеудің өсуіне ықпалын ескере отырып, жалақы алатын азаматтардың табысын ең төменгі жалақыдан жоғары деңгейде арттыруға мүмкіндік бермек.

Брифингте зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша жаңа шаралар топтамасы ұсынылғаны жөнінде де сөз болды. 2023 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасын жоспар бойынша арттыруды 61 жас деңгейінде 5 жылға дейін тоқтатылды. Сонымен қатар алдағы уақытта зейнетақы төлемдері өседі. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылға дейін ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%-ынан 70%-ына дейін, ең жоғарғысын – тиісінше 100 %-дан 120 %-ға дейін кезеңкезеңімен жеткізбек. Осы кезеңде базалық зейнетақы мөлшері орта есеппен 51%-ға дейін артады. Ұсынылып отырған шаралар 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақыны орта есеппен 27%-ға өсіруге және жиынтық зейнетақыдағы мемлекеттік төлемдердің үлес салмағын арттыруға мүмкіндік беруде.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасын енгізу басталды. Іс жүзінде карта – бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат береді. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады. Бастапқы кезеңде ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізіледі. Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда қызмет көрсетуге келісім алу үшін әлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі. Келісім алынғаннан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері тағайындалып, алушының банк шотына аударылады. Аталған жоба кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап – жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылмақ. Ал, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап тізбек әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілетін болады. 2024 жылдан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілсе, 2025 жылы мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрі қамтылатын болады.

Арайлым НҰРЖАПАР

КІТАПХАНАДА

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Талдықорған қалалық орталық кітапханасының қызметкерлері оқырмандар үшін «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында қазақ халқының біртуар ұлы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Қазақ санасының шамшырағы» атты конференциясын ұйымдастырды.

Аталмыш шараға кітапхананың тұрақты оқырманы, зейнеткер Тұрғайын Жайдақбаев, «Ардагер әжелер» ансамблінің белді мүшесі, Талдықорған қаласының құрметті азаматы Шара Бүркеқызы және Талдықорған қаласының Жоғарғы Политехникалық колледжінің білімгерлері қатысты. Конференцияда Ахмет бабамыз жайлы қызықты мәліметтер айтылып, мысалдарынан үзінді оқылды. Сондай-ақ әнші апайымыз Шара Бүркеқызы «Аққұм» атты әнін орындап, шараның шырайын кіргізді.

А. ЕГІЗТАЕВА,
Талдықорған қалалық орталық кітапханасының бөлім меңгерушісі.

ЖАҢА ҒИМАРАТ

АУЫЛДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

АЛАКӨЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ АҚТҮБЕК АУЫЛЫНДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.

Жалпы алаңы 2 мың шаршы метр болатын екі қабатты ғимарат «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен салынған. Бірінші қабатында 150 орынды көрермен залы, қызметкерлер кабинеттері, асхана, медпункт, киім шешетін орын қарастырылған. Екінші қабатта би залы, оқырман залы бар кітапхана, үйірмелер жұмысына және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған бөлмелер орналасқан. Ғимараттың қатты отынмен жылытатын жеке қазандығы бар. Нысанның маңайы абаттандырылып, 30 жас шырша, қарағай мен емес отырғызылған. Құрылыс жұмыстарын «Алакөл-Асыл Құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі жүргізді.

Ауылдықтарды қуаныштарымен аудан әкімі Алмас Абдинов құттықтады.

Жалпы Ақтүбек ауылындағы тұрғындардың тең жартысы – жастар, яғни олардың саны 520 адам. Сондықтан жаңа нысан жастардың бос уақытын тиімді өткізуге, олардың қоғамның рухани-мәдени өміріне белсене қатысуына мүмкіндік береді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

РЕЙДТІК ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

СОҢҒЫ УАҚЫТТА ӨРТ ШЫҒУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖИІЛЕП КЕТТІ. ОРМАНДЫ, ДАЛАЛЫ АЛҚАПТАРДА ШӨПТЕРДІҢ САРҒАЙЫП, ҚУРАҒАНЫ ТІЛСІЗ ЖАУДАН КЕЛЕТІН ҚАУІПТІ ОДАН САЙЫН АРТТЫРҒАН. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА ТЖБ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

Талдықорған қаласының ТЖБ басшысының м. у. а. азаматтық қорғау подполковнигі Болат Өмірсерікұлы бастаған рейдтік іс-шараға өрт сөндіру бөлімі және жергілікті полиция қызметкерлері бір кісідей атсалысты. Түсіндірме жұмыстары барысында қала аумағындағы орман шаруашылықтарында, демалыс аймақтарында жадынама парақшалары таратылды. Осындай алдын алу шараларының уақытылы қабылдануының арқасында «өрт қауіпті кезең» басталғалы қалада төтенше жағдайлар орын алмаған. Алдағы уақытта тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздігі бойынша үйлерді аралау жұмыстары өткізіледі.

Осы жылы Талдықорған қаласы бойынша 312 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 16,5 пайызға көп. Сондықтан ТЖБ қызметкерлері азаматтарды дала және орман алқаптарында, демалыс орындарында өрт қауіпсіздік қағидаларын сақтап, барынша сақ болуларын сұрайды.

Айдана СМАҒҰЛ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЦИОНАЛЬНОЕ ДОСТОЯНИЕ

СОХРАНИТЬ КАЗАХСКИЕ ПОРОДЫ СОБАК ТАЗЫ И ТОБЕТ

Касым-Жомарт Токаев поручил сохранить казахские породы собак тазы и тобет, сообщает пресс-служба управления делами президента, – передает КазТАГ

«Глава государства поручил координировать работу по сохранению национального достояния – казахских пород собак тазы и тобет. Управляющий делами президента РК Айбек Дадебаев провел совещание с участием всех вовлеченных и заинтересованных сторон», – говорится в сообщении.

Сохранение чистоты пород собак находится в критическом положении. Работа ведется несистемно.

По итогам совещания было принято решение о создании рабочей группы из представителей канцелярии премьер-министра, МЭГПР, МСХ, МНВО, института парламентаризма при УДП и республиканской ассоциации «Қансонар».

Теперь необходимо профинансировать научные исследования генофонда данных пород во всех регионах Казахстана, рассмотреть возможные формы государственной поддержки и подготовить пакет законодательных норм для сохранения и восстановления пород тазы и тобет.

«Важным вопросом является закрепление Казахстана в статусе страны происхождения данных пород в международной кинологической федерации (FCI). Помощь в этой работе, по указанию президента, окажет МИД РК, а в популяризации породы через спортивные и культурные мероприятия – МКС РК», – отмечено в информации.

ТВОРЧЕСКИЕ ВУЗЫ

ПОДНЯЛИ ЗАРАБОТНУЮ ПЛАТУ В ДВА РАЗА

ПРЕПОДАВАТЕЛЯМ ТВОРЧЕСКИХ ВУЗОВ КАЗАХСТАНА ПОДНЯЛИ ЗАРАБОТНУЮ ПЛАТУ В ДВА РАЗА. В ПРЕДДВЕРИИ НОВОГО АКАДЕМИЧЕСКОГО ГОДА МИНИСТР КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДАУРЕН АБАЕВ ПРОВЕЛ ВСТРЕЧУ С ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКИМ СОСТАВОМ ТВОРЧЕСКИХ.

В преддверии нового академического года Министр культуры и спорта Даурен Абаев провел встречу с профессорско-преподавательским составом творческих вузов страны. В ходе беседы он сообщил, что преподавателям организаций высшего образования в области культуры и искусства увеличили коэффициент к должностным окладам в два раза. Новые правила оплаты труда распространяется на четыре творческих вуза: Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова; Казахская национальная консерватория имени Курмангазы; Казахский национальный университет искусств; Казахская национальная академия хореографии, передает Деловой Казахстан.

Отметим, что сегодня на площадке Службы центральных коммуникаций председатель комитета культуры МКС РК Роза Карибжанова, а также ректоры творческих вузов рассказали о текущих изменениях и подготовке к новому учебному году.

«Сегодня министерством осуществляется большая работа по подготовке кадров в области культуры и искусства. Подготовку будущих кадров осуществляют заслуженные и народные артисты Казахстана, видные представители творческой интеллигенции. Кроме того, студенты имеют возможность проходить практику в лучших организациях культуры нашей страны. Таким образом, благодаря интеграции учебных заведений в культурный ландшафт нашей страны мы можем с уверенностью говорить о подготовке конкурентоспособных и востребованных специалистов. Касательно заработной платы нужно отметить, что нашим преподавателям будет произведен перерасчет с учетом повышения коэффициента к должностным окладам с 1.75 до 3.5» Роза Карибжанова.

К примеру, зарплата профессора увеличилась с 267 754 тенге до 435 373 тенге, теперь доцент будет получать не 243 451 тенге, а 395 855 тенге.

Между тем, Роза Карибжанова подчеркнула, что все организации образования, подведомственные Минкультуры, готовы к началу нового учебного года.

В свою очередь, ректор Казахского национального университета искусств Айман Мусаходжаева сообщила, что творческие вузы функционируют также как центры научной, творческой и просветительской деятельности, которые формируют тенденции настоящего и будущего развития культуры нашей страны.

Также в пресс-конференции приняли участие ректор Казахской Национальной академии искусств имени Жургенова Азамат Сатыбалды и ректор Казахской национальной консерватории имени Курмангазы Арман Жудебаев.

На реализацию государственного образовательного заказа в новом учебном году подведомственным министерству организациям образования выделено 2 365 образовательных грантов. Для бакалавриата – 890 грантов; магистратуры – 152 гранта; докторантуры – 23 гранта; колледжам при высших учебных заведениях – 200 грантов; колледжам – 300 грантов. Кроме того, для бакалавриата Международного университета туризма и гостеприимства выделено 800 мест.

ГАЗОСНАБЖЕНИЕ

КАЗТАГ — АЛЕНА СУББОТИНА. КАЗАХСТАН НЕ НАМЕРЕН ОТКАЗЫВАТЬСЯ ОТ ПЛАНА ПОСТАВОК ГАЗА ИЗ РОССИИ, СООБЩИЛ МИНИСТР ЭНЕРГЕТИКИ РК БОЛАТ АКЧУЛАКОВ.

ПЛАН ПОСТАВОК ГАЗА ИЗ РОССИИ

«На самом деле нет (планов отказывать от газа из России – КазТАГ), и тогда и сейчас я скажу, что эти оба проекта взаимодополняющие и не взаимоисключающие. Решение было принято продлить газопровод "Сарыарка" вторую и третью очередь в Кокшетау, Петропавловск. Расчеты были еще раз проверены по мощности трубы, все это позволительно. Но, к примеру, соединение востока и севера по газификации нам нужно будет, наверное, для поддержки, в первую очередь иметь на первых порах подачу газа из Российской Федерации», – сказал Акчулаков в кулуарах правительства во вторник.

«В противном случае», по его словам, сейчас в Казахстане рассматривается вариант газификации «востока через север, как вариант продолжения новой трубы через Кызылорду».

«Через Нур-Султан, также маршрутом до востока либо вариант Костанай-Тобол, дальше протянуть его, это немножко короче, но нам его нужно будет связывать с "Сарыаркой", чтобы иметь возможность в каком-то моменте иметь возможность переключаться на разный газ. Переговоры продолжаются по этому вопросу», – добавил Акчулаков.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ПЛАНЫ ПО РЕШЕНИЮ АКТУАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ

Министр национальной экономики РК Алибек Куантыров озвучил планы по решению актуальных проблем в сфере образования и здравоохранения, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«В целях решения проблем аварийных *и трехсменных школ в рамках нового нацпроекта "Комфортная школа" до 2025 года будут построены школы на 800 тыс. ученических мест. В сфере здравоохранения в целях удовлетворения нужд сельских жителей страны разрабатывается нацпроект "Модернизация сельского здравоохранения"*, – сказал Алибек Куантыров на заседании Правительства, озвучивая положения проекта Общенационального плана по реализации Послания Главы государства.

Кроме того, будут выработаны меры по комплексному улучшению медицинской инфраструктуры, в том числе посредством ГЧП.

Разработка новых нацпроектов в сферах здравоохранения и образования, по словам министра, на завершающей стадии.

Мораторий на повышение пенсионного возраста для женщин до 2028 года введут в РК. «Кроме того, будут приняты законодательные поправки, предусматривающие введение моратория на повышение пенсионного возраста для женщин до 2028 года, с фиксацией 61 года как установленного возраста, и увеличение с 1 января 2023 года продолжительности периода назначения выплат по уходу за ребенком до 1,5 лет», - добавил А. Куантыров.

ЗАРПЛАТА

РАЗМЕР МЗП БУДЕТ УВЕЛИЧЕН С 2023 ГОДА

Согласно поручению Главы государства, озвученному в Послании народу Казахстана 1 сентября текущего года, с 1 января 2023 года размер минимальной заработной платы (далее — МЗП) будет увеличен с 60 тыс. тенге до 70 тыс. тенге, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан.

В соответствии с Трудовым кодексом РК работодатели обязаны обеспечить работникам заработную плату на уровне не ниже МЗП. Благодаря этому вырастут денежные доходы порядка 1,8 млн наемных работников с зарплатой до 70 тыс. тенге, работающих во всех отраслях на предприятиях различных форм собственности.

В первую очередь повышение МЗП коснется «низкооплачиваемых» работников. Во-вторых, работодатели, которые при установлении уровня зарплаты используют показатель МЗП, также будут пересматривать заработную плату других категорий работников с учетом межразрядной системы квалификаций.

Вместе с тем Глава государства поручил Правительству РК внедрить новую методику определения минимальной заработной платы, которая позволит поэтапно увеличивать ее размер.

Во исполнение данного поручения специалисты Министерства труда и социальной защиты населения РК приступили к разработке методики определения МЗП, базирующейся на динамичном подходе и учитывающей основные экономические показатели.

МЗП является минимальным социальным стандартом в сфере труда и устанавливается ежегодно на соответствующий финансовый год законом РК «О республиканском бюджете».

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДАБЫЛ!

Қоршаған ортаның ауасы таза, суы тұнық болса адам ағзасының аурудан ада болары бәрімізге мәлім. Оған қоса деннің саулығы мен ұзақ жасау үшін түн ұйқысының тыныштығы да маңызды рөлге ие. Біз бен сіз өмір сүріп, мекен еткен жердің бәрінде бұл жайлылық бар ма?... Ал, табиғаты көркем, туризмге қолайлы өңір саналатын Талғар ауданына қарасты Ақтас ауылы іргесіндегі саяжай тұрғындарының тазалық пен тыныштық атаулыны ұмытқалы біраз жылдың жүзі болған.

Тазалық пен тыныштыққа зәру

Баяғыда қала халқының жазғытұрым демалып, оны-мұны өсіретін саяжайлары бүгінде мыңдаған тұрғынның тұрақты мекеніне айналған. Бір табан болса да қалаға жақындап, өркениетті өмір сүруді аңсап алыс-жақыннан көшіп келген ағайындар шама-шарқынша үй салып, үйелмелі-сүйелмелі баланы дүниеге әкеп, ұлтымыздың ұрпағын көбейтіп отырған жайы бар. Алайда «қалаға таясақ тұрмысымыз түрленіп, өміріміз гүлденіп кетер» деген саяжайлық тұрғындар осы күні жүйрік қиялдың ұшын таппай қалғанға ұқсайды Оған күні-түні қолқаны қабатын иістің жайлап алуы мен айнала қазылған карьерлердегі ауыр техникалардың гүрілі құлаққа тыныштық бермеуі себеп.

– 2018 жылы саяжай іргесіндегі осы полигонды иелігіне алып, тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдейтін зауыт құрылысын салуы тиіс ЖК «Жан ару» еш нәтиже шығармады. Салдарынан полигонға күні-түні жан жақтан тонналап тұрмыстық қатты қалдық төгілуде. Сасыған иісі ауылды жайлап, тыныс алу қиынға соғуда. Тереңдігі 35 метрлік, аумағы ат шаптырымды алып жатқан полигон бес жыл ішінде қоқысқа осылай толып, аузы-мұрнынан шығып жатыр. Қағаз жүзінде көрсетілген жұмыстың бірі де жасалынбады. Үлкен Алматы каналы көріп тұрғаныңыздай полигонның түбінде тұр. Ұшқан-түскен қоқысты ағызып, Алматыны басып өтеді. Осы жердің өзінде екі полигон бар. Бәйтерек ауылы жақтан үшіншісі пайда бола бастады. Бұл деген сұмдық енді. Жер қыртысы топырақ емес, құм мен тастан тұрады. Экологтардың айтуынша 10 метрден төмен қоқыстан бөлінген сұйықтық жерге сіңіп, суға араласады. Сусорғы да әне қоқыстан таяқ тастам жерде тұр, біз содан су аламыз. Сонда халықтың денсаулығы не боп жатқанын бағамдай беріңіз. Іші-сыртымыз улануда. Оған қоса, айнала түгел карьерге айналған. Одан ұшқан шаң-топырақ тұншығып қаламыз. Ауыр техникалардың тарсыл-гүрсілі құлақ тұндырады. Арлы-берлі ағылған «Камаздардан» әрең көрген асфальт бүлінуде. Бір сөзбен айтқанда, тұрғындардың мазасын қашырды. Осылайша экологиялық апат ошағына айналған ауылдың мұң-зарын жыл сайын айтып та, жазып та келеміз. Өкінішке орай, құлақ асқан адам жоқ, – дейді «Автомобилист» саяжайының төрағасы Олег Лысенко.

Бұл пікірге саяжай тұрғыны, 4 баланың әкесі Мәди Барлыбаев та қосылып, іліп алып кетті.

– Осында тұрып жатқаныма 12 жыл болды. Аптап ыстықта жұрт тыныстар ауа таппай жүр, ал оған сасыған иіс қосылса не боларын білесіз бе? Бір демде демігіп, ауру боп қаларыңыз анық. Біз соны бастан өткізіп жатырмыз. Қазір полигонның салдарынан ауылымызға егеуқұйрық қаптап кетті. Бала түгілі үлкендер қорқамыз, – деп мұңын шақты.

Саяжайдағы халық саны шамамен үш мыңнан асады. Олардың арасында тері, ішек ауруларының асқынып тұрғанын мұндағы ФАП-тың фельдшері Гаухар Жолдасбаева ашына айтты.

– Жыл сайын халық саны артып отыр. «Медик», «Гвоздика», «Вишневый сад» деп аталатын саяжайлар бойынша 3 мыңнан астам халық бар болса, олардың дені көпбалалы аналар. Арасында ДЦП-мен ауыратын балалар бар, есепте тұратын мүгедек жандар да жоқ емес. Тұрғындар зар илеп жатқан қоқыстан тарайтын иіс қолқаны қабады. Біз ғимараттың ішінде боп сезілмегенмен, сыртқа шыққанда тұншығып қаламыз. Егеуқұйрықтың көптігін көзімізбен көріп жүрміз. Оның өзі ауру тасымалдаушы ғой. Соңғы кездері емшектегі балалардың ауруы жиіледі, бұрын ондай болмайтын. Бүгіннің өзінде шағыммен 4 бала, оның екеуінің іші өтіп, екі балаға тыныс жетпей келді. Екі күн бұрын қабылдауға келген 2 үлкен кісі мен нәрестенің денелері түгел бөрітіп кетіпті. Олар үйден шықпайтын адамдар, мысалы. Бөрітпе қайдан пайда болғаны белгісіз. Егде кісілердің арасында бұрыннан бар тыныс алу жолдарындағы аурулары асқынып отыр. Қолдағы дәрілері көмектеспейтіндігін айтып шағымданады. Жағдайы төмен, асқынған науқастарды орта-лық ауруханаға жібереміз. Бұрын саяжайда мұндай ФАП болмаған. Биылғы жылдың тамыз айынан бастап саяжай төрағасының көмегімен осы медициналық ғимарат ашылып, тұрғындарға қолұшын берудеміз. Ем-дом алуға мүмкіндігінше жағдай жасалды, – дейді фельдшер Гаухар Жолдасбаева.

Көптің көңілін алаңдатқан полигонның басына барып, қара қарға үймелеген қорқынышты кейпін көзбен көріп, қолқа қапқан иісімен «тыныстап» қайттық. Айтқанындай-ақ, тұрмыстық қатты қалдықтар тиелген жүк көліктер кеп, аталған нысанға кіріп жатты. Көкейдегі көп сауалға жауап берер жан пендені кезіктірмедік. Ал қоқыстың қақпасын ашып-жапқан әйелден мардымды жауап ала алмадық.

Тоқсан ауыз сөзді қорыта келе, халықтың үнін естір үкімет адам денсаулығына айтарлықтай қауіп-қатер төндіріп тұрған қоқыс алаңының ретке келтірілуін жуық арада назарға алар деген сенімдеміз. Сөйтіп, ақтастық саяжай тұрғындарының басындағы бұл қиындықтың бұлты сейіліп, экологиялық апатты ахуалдан арылар күн туар деген үміт жоқ емес.

Ұлбосын ИСАБЕК
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЕНСАУЛЫҚ

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК» ДЕМЕКШІ, АҚСУ АУДАНЫ ТАРАС ЕЛДІ МЕКЕНІНІҢ КӘСІПКЕРІ, «ҚЫДЫРӘЛІ» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ ТӨЛЕГЕН МАҚАШЕВ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ САЛЫП БЕРДІ. МҰНДАЙ СЫЙДЫ АУЫЛДЫҚТАР ЗОР ҚУАНЫШПЕН ҚАБЫЛ АЛДЫ.

ТАРАС АУЫЛЫНДА медициналық пункт ашылды

ЖАҢА ғимараттың ашылу салтанатына аудан әкімі Есім Базарханов, аудандық орталық аурухананың директоры Салтанат Мықтыбаева бастаған бір топ лауазым иелері, дәрігерлер, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Салтанатты шарада аудан басшысы, аурухананың бас дәрігері, ауыл әкімінен бастап ақсақалдары жүрекжарды лебіздерімен бөліссе, кәсіпкердің ұлы Тасқын Төлегенұлы символикалық кілтті медициналық пункттің федьдшері Ақмарал Нұралиноваға табыс етті.

Әлеуметтік нысанның лентасы қиылған соң аудан басшысы, бас дәрігері мен келген қонақтар, ауыл халқы медициналық пункттің ішін аралап көрді.

Мақан Дүйсенбина, ауыл тұрғыны: *«Осы ауылда елу жылдан астам уақыт тұрып келемін. Бұл күнге дейін 1973 жылы салынған ескі ғимаратта ем-дом қабылдап келдік. Енді міне, жарқыраған жаңа мекемеде медициналық көмек алатын боламыз. Әсіресе, біз секілді денсаулығы сыр берген қарттар үшін тиімді болды. Тамаша ғимаратты ауыл халқына тарту еткен «Қыдырәлі» шаруа қожалығының жетекшісі Төлеген Мақашевқа айтар алғысымыз шексіз. Күн-түн демей шапқылап жүрген ауылдың фельдшер қызы Ақмаралға да дән ризамыз. Еңбегі жемісті болып, халықтың денсаулығына араша болып, аман жүре берсін».*

Тасқын ТӨЛЕГЕНҰЛЫ, кәсіпкер: *«Бұған дейін алпыс жыл болған ғимаратқа екі жылдай жөндеу жұмыстарын жүргізіп келгенбіз. Бірақ ескіні қанша жамағанымен де болмайды екен. Содан әкем екеуміз ақылдаса келе тұрғындар үшін жаңа бір ғимаратты салып берсек деп шештік. 2020 жылы басталған нысанның құрылысы пандемия кезінде біраз тоқтап қалып еді, осы жылы бір айдың ішінде тездетіп бітіруге тырыстық. Медпунктты ауыл халқы үшін қолайлы етіп жасадық. Тұрғындар қуанып, алғыстарын айтып жатыр. Ең бастысы, ауырмай, аман-есен жүрейік».*

ЕЛ қуанышын еселеткен жаңа ғимараттың кабинеттері толығымен жабдықталған. Енді Тарас ауылының 400 тұрғыны жаңа медпунктте медициналық көмек алады.

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.
АҚСУ АУДАНЫ

ҚАРА ШАҢЫРАҚ

ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫНА – 50 ЖЫЛ

Жетісу облысының Талдықорған қаласындағы білім ордасы, қара шаңырағымыз І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті биыл 50 жылдығын атап өтуде.

1972 жылы 25 қазанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №572 қаулысымен Талдықорған қаласында Талдықорған педагогикалық институты ашылды. 1977 жылы 10 қазанда Талдықорған педагогикалық институтына белгілі қаламгер, ақиық ақын Ілияс Жансүгіровтың есімі берілді. Ең алғашқы ашылған кафедралардың бірі – тарих кафедрасы. Тарих кафедрасы университет іргесін қалағаннан бастап құрылған алғашқы кафедралардың бірі. 1973 жылы 31 мамырда Талдықорған педагогикалық институтының құрамында марксиз-ленинизм кафедрасы атауымен ашылып, меңгерушісі филология ғылымдарының кандидаты Р.Солодиллова болды. 1977 жылы 24 тамызда кафедра екіге бөлінді: философия және саяси экономия кафедрасы, КПСС және ғылыми коммунизм кафедрасы. Тарихшы мамандар соңғы кафедраның құрамында болды.

1991 жылдың 18 наурызында КПСС және ғылыми коммунизм кафедрасының ата-уы саяси тарих және социализм теориясы деп өзгертілді. Кафедра меңгерушісі тарих ғылымдарының кандидаты А. Садықов болды. Сол жылдың 19 қыркүйегінде кафедра екіге бөлінді. Саясаттану кафедрасы Д. Хажиевтің басшылығымен жалпы институттың құрамына енді. Филология факультетінде дербес тарих кафедрасы құрылып, меңгерушісі А.Садықов болды. Алғашқы кезеңде кафедраның құрамында 6 оқытушы қызмет етті. Кафедраның іргесін қалаған оқытушылар А. Садықов, Ө. Теңізбаев, С. Ордалиева, Р. Әділбекова университетте еңбек етті. 1993-1998 жылдар аралығында тарих кафедрасын тарих ғылымдарының кандидаты З. Сламбеков басқарды. 1999-2005 жылдары кафедраның меңгерушісі тарих ғылымдарының докторы, профессор О. Мұхатова болды. 2006-2007 жылдары меңгеруші қызметін тарих ғылымдарының кандидаты А. Катенов атқарса, 2008-2009 жылдары кафедраға тарих ғылымдарының кандидаты Н. Байғабатова, 2009-2021 жылдар аралығында тарих ғылымдарының кандидаты Е. Буланов басшылық етті. 2021-2022 оқу жылынан бастап кафедра атауы Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім беру бағдарламалары болып атала басталды. Білім беру бағдарламасына А. Абдилданова жетекшілік етуде.

Тарих кафедрасында «Тарих және құқық», «Тарих және география», «Тарих, құқықтану және экономика негіздері» мамандықтары дайындалған. Қазіргі кезде 050114 – «Тарих» мамандығы бойынша білімгерлерді жеке дайындайды. Тарих құқық негіздері мамандығының алғашқы түлектері 1995 жылы қабылданып, 1999 жылы бітіріп шықты.

Қазіргі таңда бағдарламада профессорлық-оқытушылық құрамы 21 маманнан тұрады: 10 ғылым кандидаты (оның біреуі қауымдастырылған профессор ғылыми атағына ие), 11 магистр.

Гуманитарлық ғылымдар жоғарғы мектебінің «Тарих» білім беру бағдарламасында күндізгі және қашықтықтан оқыту нысанында білімгерлер білім алуда. Тарих білім беру бағдарламасының білімгерлері археологиялық үйірмеде және проблемалық топта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, облыстық және республикалық конкурстарға, ғылыми конференцияларға қатысады. Оқытушылар білімгерлер арасында пән олимпиядаларын, пікір-сайыстар, кездесулер және ғылыми-танымдық ойындар өткізеді.

Тарих бағдарламасы Әлкей Марғұлан атындағы археология институтымен және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология және этнология кафедрасымен байланыс орнатып, тәжірибе алмастыру жұмыстарын жүргізуде.

Гуманитарлық факультетінің жанында 2006 жылы «Жас түлек» театры құрылған. Театрдың көркемдік жетекшісі – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Г. Темербаева. «Жас түлек» театрына «Тарих» мамандықтарының 1-4 курс студенттері қатысады. Спектакльдер университет қабырғасында, Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында, аудандық сахналарда да қойылған.

Тарих ғылымдарының кандидаты Н. Байғабатова 2010 жылы ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанып Мәскеу қаласында (Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институты) ғылыми тағылымдамадан өтті. Тарих ғылымдарының кандидаты Г. Б. Тлеубекова 2011 жылы ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері атанып Лондондағы Кембридж университетінде (Ұлыбритания) ғылыми тағылымдамадан өтті.

Тарих білім беру бағдарламасының алдыға қойған негізгі мақсаты кафедра оқытушылары мен магистранттар, білімгерлер арасында ғылыми жұмыстармен шұғылдануды бірінші кезекке қояды. Сонымен қатар ғылыми жұмыстармен бірге оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының бағыттарын қоса алып жүруді басшылыққа алады.

Д. ҚАРАТАЕВА,
А. АБДИЛДАНОВА,
Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша білім бағдарламасының оқытушы-дәріскерлері.

Дүйсенбі - Понедельник, 19 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.50 «Жәдігер»
06.25, 03.20 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 AQPARAT
10.10 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.00, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 «Апта»
15.15, 03.00 «Цифрлық Қазақстан»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Қызық екен...»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Бельканто»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Сериал «Капитанша»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 «Жұрттың балалары»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00, 02.30 «Жұмбақтаймс»
17.40 «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Astana Times»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00, 04.25 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 03.05 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Городские шпионы»
14.10, 02.55 Новости
14.20, 03.55 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.50 Басты жаңалықтар
19.00, 04.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Невский. Охота на архитектора»
01.05 Х/ф «Мосгаз.Дело№8. Западня»
02. 00 Сериал «Хиромант»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 «Жимаудың жетістігі»
08.20 «Келинка Сабина-3»
10.00 Х/ф «Свет липы»
14.00 Х/ф «На твоей стороне-2»
16.00, 03.00 Т/с «Өкініш»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
19.30, 04.50, 05.20 Кешкі жаңалықтар
20.00, 04.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Несломненная»
00.30 Х/ф «Метод Михайлова»
02.20 «Испытание-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Қасиетті Қонаев»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
06.30, 05.00 «Ризамын»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.20 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 Мультсериал
10.30 «Маша и медведь»
11.20, 12.20 Сериал «Сеня-Федя»
13.20 Кино «Тайна печати дракона»
16.05 Х/ф «Кровавый спорт»
18.10 Х/ф «Перевозчик-2»
20.00 «Информбюро»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Копы в глубоком запасе»
01.10 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «БАЗАРБАЕВТАР»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Чужие грехи»
13.40 «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 22.00 Сериал «Бизнесмен»
15.30 «Гадалка»
16.10 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 «Отыңды өшірме»
00.20 Сериал «Красавчик»
03.30 «Жайдарман»
04.30 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 20 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.40«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.40 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.15 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15, 03.05 «Ауылдастар»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Капитанша»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.30 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 Т/х «Мариям»
17.00, 02.30 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 03.05 Сериал «И все-таки я люблю...»
13.00 «Городские шпионы»
14.10, 02.55 «Новости»
14.20, 03.55 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.45 Басты жаңалықтар
19.00, 04.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Невский. Охота на архитектора»
01.05 Т/с «Мосгаз.Дело№8. Западня»
02.00 «Хиромант»

КТК

07.05, 19.30, 04.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Жимаудың жетістігі»
09.00, 21.40 «Несломленная»
11.50, 00.30 Сериал «Метод Михайлова»
14.00 «На твоей стороне-2»
16.00, 03.00 Т/х «Өкініш»
17.30 Т/х «Құпия қобдиша»
20.00, 04.05 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
02.20 Сериал «Испытание-2»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
11.55 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.40 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 Ауа райы
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Ханшайым»
10.00, 10.30 Мультфильм
11.20, 12.20 Сериал «Сеня-Федя»
13.20 Х/ф «Кровавый спорт»
15.20 Х/ф «ДВОЙНОЙ УДАР»
17.50 Х/ф «Копы в глубоком запасе»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Х/ф «Охотники на ведьм»
01.00 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp?
02.30 Сериал «Базарбавтар»
03.10 Әзіл студио
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
07.00, 02.30Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Т/с «Чужие грехи»
13.40 Т/х «Ата-ан.Бала-шаға»
14.10, 22.00 «Бизнесмен»
15.30 «Гадалка»
16.10 «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 Т/х «Отыңды өшірме»
00.20 «Красавчик-2»
03.30 «Жайдарман»
04.30 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 21 қыркүйек

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.05 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15,03.00 «Ауылдастар»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.40 «Сана»
02.10 «Өмір көктем»

ХАБАР

05.00 «Кім мықты?-2»
06.00,17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 Тікелей эфирде «Оян»
10.00 «В фокусе»
10.30 Мультсериал
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Көзімді жұмсам да...»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Капитанша»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
11.00 Т/х «Ене»
12.00, 23.50 «Іңкәр сезім»
13.40 «Айтарым бар»
14.50, 01.40 Сериал «Условия контракта-2»
16.00 «Мариям» т/х
17.00, 02.30 «Жұмбақ таймс»
17.40 Т/х «Кішкентай келін»
19.15 Т/х «Күлпәштің хикаялары»
20.00 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Дастан»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00,03.05 Сериал «И все-таки я люблю»
13.00 Мелодрама «Гоородские шпионы»
14.10, 03.00 «Новости»
14.20, 03.55 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайқ»
18.30, 04.45 «Басты жаңалықтар»
19.00, 04.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Невский. Охота на архитектора»
01.05 Ночной кинотеатр «Мосгаз.Дело№8.Западня»
02.00 «Гибель империи»

КТК

07.05, 19.30, 04.50 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Жимаудың жетістігі»
08.15, 02.20 Мелодрама «Испытание-2»
09.00, 21.40 «Несломленная»
11.50, 21.40 Мелодрама «Метод Михайлова»
14.00 «На твоей стороне-2»
16.00, 03.00 Т/х «Өкініш»
17.30 «Құпия қобдиша»
20.00, 04.05 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
00.30 «Кома»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
10.30 Новости (Алматинский область)
11.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Сегодня»
14.10 «Спорт-тайм», инфо-блок
14.15 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости Область Жетысу
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 20.00 «Информбюро»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.40 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
10.00 «Три кота»
10.30 «Маша и медведь»
11.20, 12.20 «Сеня-Федя»
13.20 Х/ф «Двойной удар»
15.50 Х/ф «Самоволка»
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Кино «Человек-паук»
01.20 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
03.10 « Әзіл студио»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 02.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00, 12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
09.00, 17.20 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
10.00, 19.30 Сериал «ужие грехи»
13.40 Т/х «Ата-ана.Бала-шаға»
14.10, 22.00 Сериал «Бизнесмен»
15.30 «ГАДАЛКА»
16.10 Сериал «Обычная женщина»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
23.20 «Отыңды өшірме»
00.20 «Дворецский»
03.30 «Жайдарман»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙТОЙ

«АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ, АБЫЗЫМ»

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ 5 ҚЫРКҮЙЕК 1872 ЖЫЛЫ ҚАЗІРГІ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ, ЖАНГЕЛДІ АУДАНЫ АҚКӨЛ АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. АҚЫН, ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ, ТҮРКІТАНУШЫ, ПУБЛИЦИСТ, ПЕДАГОГ, АУДАРМАШЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 20-ШЫ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ БІРІ ДЕ, БІРЕГЕЙІ БОЛҒАН МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҒАЛЫМ, ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ РЕФОРМАТОРЫ, АҒАРТУШЫ, АЛАШ-ОРДА ҮКІМЕТІНІҢ МҮШЕСІНІҢ ТУҒАНЫНА БИЫЛ 150 ЖЫЛ ТОЛДЫ.

14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.35 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 Д/ф «Мәдени байлықтар»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Өнім менің -Алашым» концерті

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.00 « Әзіл студио»
07.00, 02.00 «Тамаша лайф»
08.00, 01.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Танцор диско»
13.30 Х/ф «Құдалар»
15.40 Х/ф «Рио-2»
17.50 Х/ф «Тор»
20.20 Х/ф «Алита: боевой ангел»
23.00 Х/ф «Герой»
03.30, 05.30 What's up?
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.10 «Әлем таныған Димаш» концерт
08.30, 01.20 «Жұлдыздың жары»
09.00 «Измайловский парк»
11.45 Х\ф «Дворецкий»
14.45 Т/х «Отыңды өшірме»
16.45 Қайрат Баекенов пен «Формат» концерті
19.15 Т/х «Тақиясыз періште»
21.00 Сериал «Уроки жизни и вождения»
02.00 Жайдарман
03.00 Т/Х «Ябырай»
04.00 «Тамаша»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

ҚАЗАҚТАН БАҚЫТЫН ТАПҚАН Анастасия

Ішкі жан дүниесінің өзінен қазақы тәрбие меңмұндалап тұратын жандарды көргенде «оның өзге ұлттың өкілі екен-ау» деген ойдың үш ұйықтасаңыз түсінізге кірмесі анық. Ал оның қазақ тілінде мүдірмей сөйлеп қана емес, ұрпаққа ұлттық тәрбиені ұғындыру қажеттігін ұлықтап жүрген ұстаз болса, оны неге қазақ демеске? Жан жүрегімен қазаққа айналып кеткен сондай жан Ақсу ауданына қарасты Тарас ауылындағы БАЙЫСОВТАР отбасына келін болып түсіп, бүгінде сол әулеттің қара шаңырағының түтінін түтетіп отыр.

ТАРАС ауылындағы мектепте ағылшын пәнінен сабақ беретін Анастасия Викторовнаның қазақ әулетіне келін болып түсуінің өзі бір қызық. Бұл жайында кейіпкеріміз былай дейді.

– Осы әулетке он тоғыз жасымда келін болып түстім. Ол кезде Сарқан қаласындағы колледжде оқимын. Мектепте оқып жүргеннен ағылшын пәніне қызығушылығым басым болды. Осылай тоғызыншы сыныптан кейін колледжге түстім. Бала кезімде қазақ жігітіне тұрмысқа шығамын деуші едім. Ойым шын мәнісінде жүзеге асып, екінші курста оқып жүргенде Байысовтар отбасының ақ босағасын аттадым. Жұбайым – Ербол үйдің кенжесі. Алдында үш ағасы мен екі әпкесі бар. Қазақ отбасына келін болып түсу... алғашқыда өте қиын болды. Енем орысша түсінбейді, мен қазақша білмеймін, сол жағына келгенде қатты қиналдым. Келін болып көмектескім-ақ келеді, бірақ бір затты алып кел десе «ол не болды екен» деп кібіртіктеп қалатынмын. Мына бір оқиға әлі күнге дейін жадымнан өшпейді. Келін болып түскеннен кейін үйден қонақтар үзілмей, келіп-кетіп жатты. Мама (енесі) далада қазан-ошақтың басында жүрген еді. Бір кезде «үйде кім бар деп» айқайлаған соң «мен бармын» деп далаға шықтым. Мені «қақпақ алып келші» деп жұмсады. Қазір деп үйге кіріп кеткеніммен қақпақтың не екенін білмей ойланып қалдым. Логикаға салып «мама не істеп жатыр, шамамен оған не керек» деп тұрғанымда қайын апам келді. Абыржып кеткен түрімді көріп «не боп қалды?», – деді.

Мама бірдеңе сұрады, оның не екенін білмеймін дедім. Ол мамаға барып сұрап, қақпақ екенін білген соң қолыма әкеп ұстатты. Ертеңгі күні қайта сұраса ұмытып қалмайын деп қазан-ошаққа жеткенше «қақпақ, қақпақ» деп жаттап бардым. Осылай «қақпақ» деген сөздің не екенін білдім. Бір қызығы қазақшамды ешкім түзетуге тырыспапты. Көп сөзді қате айтады екенмін. Бірақ оның өз себебі де болды. Егер түзететін болсақ қазақ тілін мүлдем үйренбей қояды деген ғой. Соның арқасында қазақша сөздерді қолдануымның аясы кеңейді.

Сөздерді қате айту жайындағы басымнан кешкен тағы бір қызық оқиғаны айтып берейін. Тұрмыс құрып, балалы болған соң бір жыл оқуымнан академия алып, содан кейін ғана жалғастырдым. Бірде дос қызыммен Сарқандағы базар маңынан өтіп бара жатып «ОЛЖА» деген жазуы бар дүкенді көзім шалып қалды. Әлгі атауға қарап «мынаған «у» әріпін жалғасаң, орыстың «ковшик» сөзі болады екен ғой деймін.

– Қайдағы ковшик, не айтып тұрсың? – дейді ол.

– Олжау ше? – деймін. Ол болса қазақта ондай сөздің жоқ екенін айтады.

– Қалай жоқ, олжау деген ковшик қой, – деймін. Сонда оның «ковшик деген ожау» ғой демесі бар ма. Әлгіні естігенде кәдуілгідей ашуланып қалдым. Үйге келген бойда жұбайыма: «Қазақта олжау деген сөз жоқ, дұрысы ожау екен. Осы күнге дейін неге айтпағансың? Қазаққа келін болсам да дос қызымның алдында ұятқа қалдым» деп ренжідім.

– Біз сенің әр сөзіңді түзетіп отырсақ, қазақ тілін үйренуге деген құлшынысың әп-сәтте-ақ басылып, сөйлемей қалар деп ойладық. Сондықтан қалай айтса да тиіспей, өзі түзетсін деп едік, – деді ол.

– Бір сөзді дұрыс айтпасам ескерту керек. Сонда ғана үйренемін. Ал дұрыс емес сөзді қайтып жаттау тіптен қиынға соғады ғой, – деп айтсам да сол қалпы өзгеріссіз қалды. Қазір ғой балаларым айтып, түзетіп отырады. **(ред: күлді)**.

ОН тоғыз жасында тұрмыс құрып, барған жері мен ата-енесінің бабын тауып, қазақтың салт-дәстүрін қабылдай білу де ерлік іске пара-пар дерсің.

– Келін болып түскен күннен мама мен қайын апамның арқасында көп дүниені меңгердім десем болады. Олар мынауың дұрыс емес деп қолымнан қаққан емес. Барлығына түсініспікпен қарады. Колледжді бітірген жылы папам (қайын атасы) ары қарай оқы деп жоғары оқу орнына түстім. Оқуымды бітіретін жылы үшінші баламды дүниеге әкелдім. Осы ұлымның бір жасын атап өткеннен кейін, екі айдан соң атамыз о дүниелік болды. Ол – өте тамаша адам болды. Келіні болсам да мені өзінің баласындай көрді. Тіпті қайын апам екеуі есімімді қазақшалап Назерке деп атады. Осылай Анастасиядан – Назеркеге айналдым. Қазақтың келіні ізетті болатынын, үлкеннің алдын кесіп өтпеу, кішіге ілтипат танытудан бөлек, ауылдағы әр адаммен, танымасаң да сәлемдесу керектігін айтып отыратын. «Сәлем – сөздің анасы» ғой деп сәлемдесу әдебін бойыма сіңіріп кетті. Осыдан кейін кімді көрсем де, тіпті көлікте кетіп бара жатса да сәлемдеспей өтпейтін болдым, – деп ағынан жарылған Назеркеден (Анастасия) Ерболмен қалай танысқанын сұрадық.

– Екеуміз түйдей жастымыз. Ербол колледжде бірге оқыған жақын досымның сыныптасы. Бізді таныстырған да сол еді. Ал екеуара тіл табысуымыздың өзі қызық. Ол орыс тілін түсінгенімен, сөйлей алмайды, мен керісінше. Біріміз қазақшалап, енді біріміз орысшалап жүріп достығымыз махаббатқа ұласты ғой **(ред: күлді)**.

Біздің бас қосуымызға Ерболдың ата-анасы қарсылық білдірмегенімен, мен жақтан анам «Өз ұлтыңа шыққаның дұрыс еді, қиналасың ғой» десе, әкем «Қандай ұлт болса да жақсы адам болса болды» деді. Сөйтіп 2010 жылы үйлендік.

...Мектеп кезінде де Айжан деген досым болды. Үйіне барғанда анасы лағман созғанын көріп қалатынмын. Бұл мен үшін өте қызық еді. Қамырды жіңішке етіп созған соң оны арлы берлі ұрғылағанда неге үзіліп кетпейді деп таңғалатынмын. Сосын Гуля тәтейге маған да үйретіңізші десем «Ой қойшы, тамақты тезірек дайындауым керек» дейтін-ді. Сол кезде оған «Кейін мен де қазақ жігітіне тиемін» деп айтатынмын. Бұл сөзімді естіп «Сені қазақ алмайды» деуші еді.

– Неғып алмайды, менің де екі қолым, екі аяғым бар. Неге, мені қазақ алмауы керек, – деп ренжитінмін.

– Менің ұлым ертең орыстан келін аламын десе келісімімді бермеймін. Өйткені басқа ұлттың адамы, басқа тәртіпті көріп өскен қыз қайтып қазаққа келін болады», – десе, мен одан бетер «Жоқ, мен бәрібір тиемін» деп қасарысатынмын. Міне, сол дегенім болды ма, жылдар өтіп қазақ отбасының келіні атанып, лағман созудың да әдісін үйрендік қой, – дейді кейіпкеріміз.

Настияның айтуынша, келін өзінің жолымен жүріп, ата-енесін құрметтесе, олардың отбасында ешқандай түсінбеушілік болмайды. Әрбір қыз әрдайым келін болып түскен жұртының абыройын, намысын қорғап жүруге дағдылануы қажет. Сол кезде ғана жекжат, құда-құдағилар тату болады.

– Көпшілігі «ата-енемен бірге тұру қиын шығар» деп жатады. Мен мұнымен келіспеймін. Керісінше, әрбір келін енемен бірге тұрып, отбасы-ошақ қасындағы шаруаларды үйренуі тиіс. Салт-дәстүріміз бен әдеп-ғұрпымыз бойынша атқарылатын жөн-жоралғыларды да білуі керек деп ойлаймын. Осы дүниелерді үйретуден жалықпаған

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

мамама (енесі) деген алғысым шексіз, – дейді Анастасия Байысова.

ҚАЗАҚТА қонақжайлылық деген жақсы дәстүр бар. Біздің кейіпкеріміз де қонақ күтудің жөн-жоралғасын жақсы біледі. Қара шаңырақтың түтінін түтетіп отырған соң да үйлерінен қонақ үзілмейді.

– *Қайын ағаларым мен қайын әпкелерім келеді дегенін естісем алдын ала дайындық қамына кірісіп кетемін. Жолдасымның «өзіміз ғой, несіне әуре боласың» деген сөзіне де қарамаймын. Себебі папам (қайын атам) үнемі қонақпен бірге ырыс келетінін айтып, құлақтандырып отыратын еді. Өзі үнемі көшедегі адамды «шай ішіп кетіңіз» деп шақырып алатын. Шынын айтсам, үйдегі дастарханымыз жиналған емес,* – дейді ол.

Қазақтың отбасына келін болған Настиямен тілдесуде оның Байысовтар



әулетіне шынайы берілген келін екенін аңғардық. Өзі айтқандай, аракідік қайын апаларының айтатын ескерту сөздеріне еш ренжімейді. Керісінше жадына тоқып, келесіде соны қайталамауға үйренген. Қалай болғанда да ол шаңырақтың туын құлатып алмауға тырысып келеді. Ал, жолдасының бауырларын өз бауырындай қабылдап, үнемі жылышырай, жайдары мінез танытатын Анастасияға қайын жұртының құрметі де бөлек.

– *Осы мекен менің бақытымды еселеді. Өмірімді мәнді де мағыналы етті*, – деген Виктор ағайдың қызы Настия отбасындағы адамдардың бабын тауып қана емес, енесінің жанашыр жақынына айналды.

– *Жастай әулетімізге келін болып түсті. Өзге ұлттың қызы болса да баламыз екеуі бір-бірін жақсы көрген соң араларына түспедік. Бауыржан (М) атамыздың мынадай жақсы сөзі бар: «Жер бетіндегі ең батыр адам ...ол – қыз. Оның мәнісін былай деп түсіндірген. Мен қанша батыр болсам да, бөтен, танымайтын елге бір сағат та тұрғым келмей қашамын. Ал, қыз болса барған жерінде жалғыз өзі өмірінде көрмеген, танымайтын адамдармен тіл табысып, сол елді біріктіріп ел де қыла алады, сыйлата да алады, алыса да алады, қаймықпастан ұрпағын да көбейтіп, сол елді жеңіп, мәңгі билейді» деген ғой. Ене болсам да батыр атамыздың осы сөзін өміріме сабақ етіп келген адаммын. Сондықтан келіндерімнің әрқайсысына қыз ретінде, ұрпақты көбейтетін ана ретінде қараймын. Өзім де ененің қолында тұрдым. Алты баламды сол кісі бақты. Құдай қосқан қосағым – Нұрланбек Байысов екеуміз колхозда еңбек еттік. Мен қызылша алқабында істеп, ол – тракторист болды. Шиеттей бала-шағаны өсіріп, жеткіздік. Бүгінде барлығы да отбасылы. Ерболым үйдің кенжесі болғандықтан келінім екеуі қара шаңырақтың түтінін түтетіп отыр. Тірі кезінде атасының батасын алған Настиям ғой... Балаларымның тату-тәтті болып жүргенін көруден артық бақыт бар ма*, – дейді әулеттің анасы Бағдат Рысбиева.

МЕКТЕП жасынан аудармашы болсам деп армандаған Анастасияның ағылшын тілін үйренуіне мұғалім Miss Meghan-ның ықпалы зор болыпты. Сыныптағы балалардың ішінде оның тіл үйренуге деген ынтасының зор екенін байқаған ұстазы сабақтан тыс уақытта оқушысына көңіл бөлуді мықтап қолға алған.

– *Колледжге түсу үшін тест тапсырғанда менімен бірге ата-анам емес, Miss Meghan еріп барды. Соның дайындығымен тесттен сүрінбей өтіп, колледждің студенті атандым. Кейін ол Америкаға кеткенде арамыз үзіліп қалды. Талай жылдан кейін ғана ұстазыммен қайта қауышуға Алла сәтін салды. Алғашқыда онымен хат арқылы жазысып тұратынмын. Қазір ватсаб желісі деген жақсы болды ғой. Әр жексенбі күні тікелей байланысқа шығып, сөйлесемін. Бұл менің ағылшын тілімді жетілдіру үшін де аса қажет. Мектептегі сабағыма керекті түрлі көрнекіліктерді сатып алып беріп, посылкамен беріп жіберген кездері де болды. Ол – Портленд қаласындағы университетте дәріс береді. Қандай істе де онымен ақылдасып, көмегіне жүгініп отырамын. Менің тікелей тәлімгерім десем болады*», – дейді Настя.

БАҚЫТ біреулер үшін мансап, біреулер үшін мол табыс болса, Анастасия үшін бақыттың мәні – отбасының беріктігі мен амандығында. Оның қаны орыс болғанымен жаны қазақ. Қазақтың ұрпағын өмірге әкеліп, тіршілік нәрін сыйлаған аяулы ана, ардақты әйел. Кейіпкерімізбен еменжарқын әңгімелесуде оның «қазақтан бақытымды тапқаныма қуанамын» деген сөзі бізді шын қуантты.

Сарби ӘЙТЕНОВА
АҚСУ АУДАНЫ

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ

ТЫҢ ТАЛАПТАР ТҰРҒЫСЫНДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВ ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫНДА «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ЖОЛДАУЫН ЖАРИЯЛАП, ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН АЙҚЫНДАП БЕРДІ.

Негізгі басымдықтарды қадап айта отырып қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру – өзінің Президент ретіндегі басты мақсаты екенін атап өтті. Халықты толғандырып отырған барлық мәселені егжей-тегжейлі қамтыған Мемлекет басшысы еліміздің сот жүйесін жетілдіру мәселесіне ерекше тоқталды. *«Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет. Осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, жаңартып жасақтау керек. Қазылар жоғары білікті, адал, сондай-ақ, жемқорлықтан таза болуы қажет. Ең алдымен, барлық судьялардың мәртебесін теңестірген жөн. Олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмауы керек. Көптеген сот төрағасы лауазымы судья лауазымы болып өзгереді. Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізуді ұсынамын»,* – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс екендігіне, күштік құрылымдардың сотқа ықпал етпеуінің маңыздылығына, судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрін жою керектігіне, судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігі арттырылатынына, судьяның өрескел қателік жіберген және күшін жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс екеніне, «Сот төрелігін атқару сапасы» бойынша судьяларды бағалау және жауапкершілікке тарту институтын түбегейлі қайта қарау қажеттігіне баса назар аударды.

«Апелляция институтын реформалау қажет. Істер бірінші сатыдағы сотқа қайтарылмай, нақты мән-маңызы бойынша шешім шығарылуы керек. Әкімшілік әділеттің қолданылу аясын да кеңейту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың ауқымды бөлігінің және мемлекеттік органдармен арадағы азаматтық-құқықтық даулардың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен реттелуі отандық сот төрелігін барынша ізгілендіріп, әділдікке бастайды. Сонымен бірге аудандық және облыстық соттар деңгейіндегі сот төрелігінің қолжетімді болу мәселесін пысықтау керек», – деп Президент тағы бір толғақты ойларын ортаға салды.

Ендеше, судьялар үшін сот төрелігін атқару сапасын жақсарта түсу мақсатындағы өз жұмыстарын осы тың талаптар тұрғысында ұйымдастыру – басты міндет болып табылады.

Бахытгүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық сотының кеңсе меңгерушісі.

МАМАН МІНБЕРІ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністері қоғамның мүддесіне зардабын тигізіп және мемлекеттің экономикалық өсуіне орасан кедергі келтіреді. Соған байланысты Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мемлекеттің одан әрі табысты дамуы үшін сөзсіз басымдық болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа азаматтық қоғамды кеңінен тарту мәселесін қамтамасыз ету қарастырылған. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ұғымы енгізіліп отыр, ол жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне жүйелі негізде талдау жүргізуге және құқық қолдану тәжірибесіне мүмкіндік береді. Мониторингке мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілері мен ресми сайттарынан басқа, үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтері де, БАҚ-тағы жарияланымдар да және әлеуметтік сауалнамалардың мәліметтері де кіретін болады. Сондай-ақ осы заңда «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» ұғымы енгізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті екені айқындалған. Заңда субъектілердің жемқорлыққа қарсы әрекет жасауы, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзе алмауды білдіретін құндылық жүйесін сақтау мен оны нығайту қамтылған. Мұны іске асыру тетігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие мен білім беруді үздіксіз жүзеге асырудан көрініс табатын болады. Сөйтіп, қоғамда сыбайластыққа төзбеу жүйесін дамыту мен сыбайластыққа қарсы әрекеттің заманауи моделдерін енгізу қарастырылуда. Қазірдің өзінде азаматтық қоғамның барынша тиімді институттарын бұл жұмысқа тарту жүзеге асырылуда.

Айнұр ОРМАШЕВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЮБИЛЕЙ

АССОЦИАЦИИ ОХРАННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ – 20 ЛЕТ

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА, В АЛМАТЫ ПРОШЛО ОТЧЕТНО-ВЫБОРНОЕ СОБРАНИЕ ЧЛЕНОВ АССОЦИАЦИИ И ТОРЖЕСТВО ПО СЛУЧАЮ 20-ЛЕТИЯ АССОЦИАЦИИ ОХРАННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.

Встреча прошла с участием первого заместителя председателя правления НПП «Атамекен» Максата Кикимова, представителей Ассоциации охранных организаций Республики Казахстан охранных агентств, государственных органов, бизнес-сообществ города Алматы.

Президент Ассоциации охранных организаций Республики Казахстан Анатолий Калинин в своем выступлении рассказывая о деятельности ассоциации, отметил важную социальную значимость охранной индустрии.

«Частная охранная деятельность прочно вошла в жизнь страны и надежно обеспечивает защиту жизни и интересов граждан, бизнеса. Эти силы обеспечивают охрану 420 тысяч объектов, в том числе объектов предпринимательства, домов, квартир. Без участия частной охраны у нас в стране не проходит ни одно масштабное общественное, политическое, спортивное мероприятие», – подчеркнул Анатолий Калинин.

По словам президента Ассоциации, в Казахстане 2 777 частных охранных организаций. 535 их филиалов, в которых работают до 96 тысяч охранников. Кроме того, 973 субъект занимаются монтажом, обслуживанием технических средств охраны.

В своем выступлении первый заместитель председателя правления НПП «Атамекен» Максат Кикимов отметил многолетнее тесное сотрудничество Ассоциации с Палатой предпринимателей «Атамекен».

«Палата высоко ценит вклад частной охраны в развитие предпринимательства. Имущественная и личная защита предпринимателей обеспечивает уверенность в развитии бизнеса, привлечении новых инвестиций в Казахстан, создание новых социальных возможностей для граждан страны, улучшения их материальной жизни. 95 тысяч охранников – это могучая сила, которую по численности можно сравнить с личным составом полиции», – подчеркнул Максат Кикимов.

Спикер отметил, что кроме непосредственной охранной деятельности охранный бизнес несет и социальную нагрузку, обеспечивая работой наших граждан, за которыми стоят семьи, жены охранников, их дети.

«Во время январских событий в Алматы благодаря усилиям и профессионализму охранных агентств удалось сохранить немало бизнес-объектов и порядок в городе», – добавил Максат Кикимов.

Как следует из информации Министерства внутренних дел с участием частных охранных организаций ежегодно раскрываются около 500 уголовных преступлений, свыше 12 тысяч административных правонарушений, предотвращаются более 2 тысяч краж.

В ходе заседания от имени Палаты предпринимателей «Атамекен» первый заместитель председателя правления Нацпалаты Максат Кикимов наградил благодарственными письмами ряд представителей охранных организаций, которые внесли большой вклад в развитие Ассоциации.

Ш. ХАМИТОВ.

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

НЕОБХОДИМО, УЧЕСТЬ ВЫСОКИЕ ТЕМПЫ РАЗВИТИЯ, ПРИОБРЕТАЕТ ВАЖНОСТЬ АВТОМАТИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУДЕБНЫХ ОРГАНОВ, ОПТИМИЗАЦИЯ И УСКОРЕНИЕ СУДЕБНЫХ ПРОЦЕДУР, ДЛЯ БЕСПРЕПЯТСТВЕННОГО ДОСТУПА К ПРАВОСУДИЮ И СУДЕБНОЙ ИНФОРМАЦИИ. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ВНЕДРЕНИЕ ЦИФРОВЫХ РАЗРАБОТОК РАССМАТРИВАЕТСЯ КАК НЕОБХОДИМОЕ ЯВЛЕНИЕ, НО ВМЕСТЕ С ТЕМ, ЭТО НЕ ЗАМЕНА КЛАССИЧЕСКОГО ПРАВОСУДИЯ И ПЕРЕХОД К ПОСТОЯННОМУ ОСУЩЕСТВЛЕНИЮ ТОЛЬКО В ЭЛЕКТРОННОМ ВИДЕ, А ВОЗМОЖНОСТЬ БЕЗ ФИЗИЧЕСКОГО ПРИСУТСТВИЯ УЧАСТИЕ В ПРОЦЕССЕ, УПРОЩЕНИЕ МЕХАНИЗМА ДОСТУПА И ОБЕСПЕЧЕНИЯ ОПЕРАТИВНОСТИ.

ИДУТ ОБШИРНЫЕ ПРОЦЕССЫ МОДЕРНИЗАЦИИ

Одной из процессуальных гарантий справедливого и демократического правосудия признается возрастание роли принципов открытости, прозрачности, гласности, публичности, доступности судопроизводства. Вряд ли можно нам сейчас говорить о том, что наша судебная система является закрытой. Это абсолютно не так. Прежде всего, в связи с тем, что существуют нормы уголовно-процессуального законодательства, которые говорят о том, что все наши судебные процессы являются открытыми. И закрытыми процессы являются, в соответствии со статьей 29 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан, только в тех случаях, когда к этому имеются определенные запреты.

Практика показывает, что в последнее время получение достоверной, объективной информации о работе судов и о делах, ставших предметом судебного разбирательства, не является острой проблемой для участников процесса, других заинтересованных лиц, всех желающих. Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

В процессе совершенствования системы правосудия в основу ставятся принципы правосудия, предусмотренные Конституцией Республики Казахстан, то есть принципы, обеспечивающие общие условия реализации прав и обязанностей участников процесса. В связи с этим, применение новых технологий должно рассматриваться как альтернативная форма организации осуществления правосудия, возможность граждан и непосредственных участников судебного процесса осуществлять предусмотренные законодательными актами права и обязанности. Так, к примеру, подача в суд документов в электронной форме, доступ к судебной информации, судебные извещения, онлайн участие в судебном заседании оборот судебных документов.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений. Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись.

Как известно судопроизводство – это осуществление судебными органами деятельности в соответствии с определенными процессуальными формами. К тому же согласно Конституции Республики Казахстан правосудие осуществляется только судом, посредством установленных законом форм судопроизводства. Исходя из этого, в условиях цифровизации и детализации все больше внимания уделяется развитию информационных и коммуникационных технологий, в том числе и в судебной системе идут обширные процессы модернизации.

Зауре САХИПОВА,
главный специалист суда области Жетысу.

ГЕНДЕР

ПРОВОДИТСЯ АКТИВНАЯ РАБОТА

Гендерная политика – это государственная и общественная служба, направленная к достижениям равенств мужчин и женщин. Во всех сферах общественной жизни, гендерное понятие защищает личностные особенности не только женщин, но и мужчин. Национальная гендерная политика является важнейшей основой демократического процесса нашей страны.

Концептуальной базой гендерной политики в Казахстане является Концепция государственной политики улучшения положения женщин. Концепция определяет основные принципы, приоритеты и задачи гендерной политики в Казахстане. К задачам гендерной политики в Казахстане относятся: достижение сбалансированного участия женщин и мужчин во властных структурах; обеспечение равных возможностей для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижения по службе; создание условий для равного осуществления прав и обязанностей в семье; свобода от насилия по признаку пола. Концепция гендерной политики в Республике Казахстан рассчитана на современный период, а также на долгосрочную перспективу (до 2030 г.).

Постоянное внимание гендерной политике уделяет и Президент Токаев К.К. В частности он подчеркнул в своем Послании народу Казахстана «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» в 2021 году: «В начале лета в соответствии с моим Указом Правительством утвержден Комплексный план по защите прав человека. Этот важный документ закладывает долгосрочную институциональную основу дальнейшего совершенствования системы защиты прав человека в Казахстане. После принятия Комплексного плана началась активная работа по обеспечению гендерного равенства. В этой связи следует обеспечить максимальную поддержку экономических и политических позиций женщин в обществе. За эту работу отвечает Администрация Президента. Следует также внести изменения в Концепцию семейной и гендерной политики».

Ернур КУРМАНГАЛИ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВЕЛОСПОРТ

«АСТАНА» ӨКІЛІ – ТӨРТІНШІ ОРЫНДА

Велоспорттан 23 тәулікке созылған «Вуэльта» көпкүндігі өз мәресіне жетті. Ең соңғы 21 кезең Лас-Росас-де-Мадридтен бастау алып, Испанияның астанасында аяқталды.

Аталған кезеңде алты велошабандоз мәреге бірдей жетті. Олар – Хуан Молано (Колумбия, UAE Team Emirates), Мадс Педерсен (Дания, Trek-Segafredo), Паскаль Аккерман (Германия, UAE Team Emirates), Майк Теунссен (Нидерланд, Jumbo-Visma), Дэнни Ван Поппель (Нидерланд, BORA-hansgrohe) және Каден Грувс (Аустралия, Bike Exchange-Jayco). Олардың уақыты – 2 сағат 26 минут 36 секунд. Қосымша көрсеткіштер бойынша 21 кезеңнің жеңімпазы деп колумбиялық спортшы танылды.

Жалпы есепте Ремко Эвенепулге тең келер ешкім табылмады. Quick-Step Alpha Vinyl Team клубы сапында өнер көрсетіп жүрген 22 жастағы бельгиялық велошабандоз алтыншы кезеңде испаниялық Марк Солерді (UAE Team Emirates) жылы орнынан ығысып, көш бастаған еді. Содан кейін Ремок шашасына шаң жұқтырған жоқ. Ол 16 кезең бойы тізгінді ешкімге бермей, ақырында жеңіс тойын тойлады. Оның көрсеткіші – 80 сағат 26 минут 59 секунд. Бұған дейін ол әлем чемпионатында екі рет жүлдегерлер қатарынан көрініп, Еуропа чемпионы атанған еді.

Сөз орайы келгенде, Эвенепулдің кезінде тәуір футболшы болғанын да айта кетейік. Бельгияның «Андерлехт» және Нидерландтың «Эйндховеннің» академиясында шеберлігін шыңдаған Ремко өз елінің жасөспірімдер құрамасы сапында өнер көрсетті. Бірақ кейіннен оның аңсары велоспортқа ауып, спорттың осы түрінде елеулі табыстарға қол жеткізді. Бір айта кетерлігі, Бельгияның беткеұстары соңғы үш «Вуэльта» көпкүндігінде алдына жан салмаған Сербияның саңлағы Примож Рогличті тұғырдан тайдырды.

Екінші орынды испаниялық Энрик Мас иеленді. Movistar Team клубының намысын қорғаған ол жарыс жеңімпазынан 2 минут 2 секунд қалып қойды. Пиреней түбегінің тағы бір өкілі Хуан Аюса (UAE Team Emirates) үшінші сатыға жайғасты. Ал «Астана» клубы мүшелерінің арасынан ең жақсы нәтижеге 28 жастағы колумбиялық легионер Михель Анхель Лопес қол жеткізді. Ол төртінші орынға табан тіреді.

18 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АУСТРАЛИЯНЫҢ ВУЛЛОНГОНГ ҚАЛАСЫНДА ВЕЛОСПОРТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫ ТҮРІЛЕДІ. БҰЛ ЖАРЫСТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ 15 СПОРТШЫСЫ БАҚ СЫНАЙДЫ.

ЖАСЫЛ ҚҰРЛЫҚТАҒЫ ЖАРЫС

Аталған жарыстың бірғасырлық тарихы бар. Оның тұсауы сонау 1921 жылы Данияның астанасы – Копенгагенде кесілген. Соңғы чемпионат былтыр Бельгияның Фландрия өңірінде өтіп, ерлердің сайысында франциялық Жюлиан Алафилипп (жекелеген) пен Филиппо Ганна (топтық) алдына жан салмады. Әйелдер арасында италиялық Элиза Бальзамо (жекелеген) мен Эллен ван Дейк (топтық) дара шықты. Аралас жұптардың жарысында Германия құрамасының мерейі үстем болды.

Жасыл құрлықтағы жарыстың элиталық тобында Қазақстанның туы астында Алексей Луценко, Юрий Натаров, Вадим Пронский және Евгений Федоров, андерлер арасында Нұрберген Нұрлықасым, Глеб Брусенский, Андрей Ремхе, Евгений Федоров және Николя Винокуров өнер көрсетеді. Сондай-ақ жастар сайысында Алексей Ваганов, Максим Тараскин, Илья Карабутов, Виолетта Казакова, Алина Спирина, Милана Котельникова және Виктория Марчук бақ сынайды.

БОКС

ПОЛЬШАДА ОЛЖАҒА КЕНЕЛДІ

ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА ПОЛЬШАНЫҢ ГЛИВИЦЕ ҚАЛАСЫНДА АЯҚТАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОКСШЫЛАРЫ ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТІП, 11 ЖҮЛДЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Қарт құрлықта Қазақ елінің әнұраны төрт мәрте шырқалды. Аса жеңіл салмақта сынға түскен Алуа Балқыбекова сербиялық Снежана Силкович, франциялық Абрине Зутони және сербиялық Николь Дурикованы ұтып, алтыннан алқа тақты. 50 кило салмақта күш сынасқан Назым Қызайбайдың да мықтылығы еш күмән туғызған жоқ. Екі дүркін әлем чемпионы деген атағы бар қазақ қызы Пихла КайвоОжа (Финляндия), Клаудия Пависка (Польша), Глория д'Алмейда (Франция) және Наталия Рокты (Польша) бас көтертпей ұтты. Үшінші алтын Карина Ибрагимованың еншісінде. 57 кило салмақта қолғап түйістірген жерлесіміз барлық қарсыласын жолынан ығыстырып, бас жүлдені олжалады. Аса ауыр салмақтағы Ләззат Күнгейбаева да дәл сол межеден көрінді.

Ақтық сынға алқынбай жеткен Марина Хальзова (75 кило) шешуші тұста швециялық Любовь Холгерсонға есе жіберіп, күміс медальды иеленді. Ал Балауса Мұздиман (54 кило), Жайна Шекербекова (54 кило), Жазира Орақбаева (50 кило), Аида Әбікеева (63 кило), Дариға Шәкімова (66 кило) және Сәния Сұлтанқызы (57 кило) қолаға қол созды.

ФУТБОЛ

АБУ-ДАБИДЕ КЕЗДЕСЕДІ

Футболдан Қазақстанның ұлттық құрамасы 19 қарашада Абу-Даби қаласында Біріккен Араб Әмірліктерімен (БАӘ) жолдастық кездесу өткізеді.

БАӘ футболшылары да осал қарсылас емес. Қазіргі кезде олар ФИФА рейтингінде 69-орынды иеленуде. Салыстырмалы түрде алсақ, бұл тізімде жерлестеріміз 114-сатыға жайғасты. Аталған мемлекеттің өкілдерімен біздің елдің аяқдоп шеберлері үш мәрте кездесті. 1997 жылы әлем чемпионатының іріктеу турнирінде сырт алаңда 0:4 есебімен ұтылсақ, Алматыда кеткен есені қайтардық – 3:0. 2000 жылы екі команда жолдастық кездесу өткізіп, онда қарсыластарымыздың мерейі үстем болған еді – 5:2.

Аталған команданың ең зор нәтижесі – Азия кубогында екі рет жүлдегерлер қатарынан көрінуі. 1996 жылы БАӘ күміс медальды иеленсе, 2015 жылы қолаға қол созды. 1990 жылы олар Италияда өткен әлем чемпионатында бақ сынады.

ГРЕК-РИМ

СЕРБТЕРДІҢ СЕСІ БАСЫМ

Сербияның астанасында өтіп жатқан әлем чемпионатының үшінші күні де Қазақстанның грек-рим күресі шеберлері сәтсіз өнер көрсетті. Осы жарыста 2018 жылғы дүниежүзілік додада қола медаль иеленген Айдос Сұлтанғалиға айрықша сенім артқан едік.

60 кило салмақта сынға түскен 26 жастағы қандасымыз алғашқы айналымдарда румыниялық Александру Трандафир (9:0) мен армениялық Геворг Шарибаянды (3:0) шаң қаптырып, ширек финалда қытайлық Лугио Каоны (7:1) ойсырата ұтқанда, «Әп, бәрекелді!» деп алақанымызды ысқылаған едік. Бірақ жартылай финалда Айдос білгенінен жаңылды. Бұл межеде ол 23 жастағы әлем чемпионатының екі дүркін күміс жүлдегері, Әлем кубогының иегері, Азия чемпионы Жоламан Шаршенбековпен күш сынасты. Қырғыз балуанынан біздің жігіт осыған дейін үш рет ұтылған болатын. Соның әсері болды ма, әйтеуір, осы жолы Сұлтанбекті біз мүлде танымадық. Жоламан оны әрі де, бері де лақтырып, 7:0 есебімен жеңіске жетті. Ал Айдос енді қола медаль үшін таласады.

Аса ауыр салмақтағы Әлімхан Сыздықовтың да жеңіс тұғырына көтерілуіне мүмкіндігі бар. Бастапқы бәсекеде ол ирандық Әмір Мирзазадеден (0:5) ұтылғанына қарамастан, жұбаныш белдесулерде бақ сынайды. Себебі Парсы елінің алыбы ақтық сынға алқынбай жетті. Енді алдағы бәсекелерде Әлімхан барын салады деп үміттенеміз.

Ал жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлері жайында айтар болсақ, бүгін де Сербия құрамасы екі алтын медаль олжалап, жергілікті жанкүйерлерді қуаныш пен шаттыққа бөледі. Атап айтсақ, 63 кило салмақта Себастьян Надтың асығы алшысынан түсті. Финалда ол әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Еуропа чемпионы грузиялық Лери Абуладзені ұтты. 67 кило салмақ дәрежесінде Мате Немеш дара шықты. Бұл спортшы Олимпиада, әлем және Азия чемпионы, ирандық Мохаммадреза Гераидан айласын асырды. 82 кило салмақта Түркияның тарланы Бурхан Ақбудақтың асығы алшысынан түсті. Финалда ол өзбекстандық Жалғасбай Бердімұратовтан басым түсті. 97 кило салмақ дәрежесінде Олимпия ойындарының толық жүлде жиынтығының иегері, әлемнің төрт және Еуропаның бес дүркін чемпионы армениялық Артур Алексанянға тең келер ешкім табылмады. Финалда Артур болгариялық Кирилл Миоловты жеңді.

Материалдар «egemen.kz» сайтынан алынды

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ТӘМСІЛ

ЖЫРТЫҚ АЯҚ КИІМ

Бір шәкірт ұстазымен егін алқабын аралап келе жатады. Кенет жол шетінде жатқан тозығы жеткен бір аяқ киімге екеуінің көздері түседі.

Шәкірт ұстазына:

– Шамасы, мынау егінші шаруаның аяқ киімі сияқты. Тығып қойсақ қайтеді? Сосын бір жерге жасырынып қалай абдырап, сасқанын қызықтайық, – дейді.

Сонда ұстазы:

– Кедейлерді әбігерге салуды қызық көріп, олардың есебінен көңіл көтергеніміз адамгершілікке жатпайды. Өзіңе бақыт пен шаттық сыйлағың келе ме? Онда оны мазақа айналдырмай, керісінше, аяқ киіміне ақша салып қояйық. Сонан кейін ғана не қызық болатынын көрейік, – дейді.

Ұстазының ұсынысы көңіліне бірден қонған шәкірт айтқанын орындайды. Көп ұзамай екеуі жақын тұрған ағаштың артына барып жасырынады. Сәлден соң жүзі күн көзіне әбден тозыққан, жұпыны киімді бір шаруа келеді. Аяғын аяқ кииміне сұққаны сол еді, ішіндегі затты сезіп, дереу қайта суырып алады. Қолын салып еді, ақша екен. Екінші сыңарынан да сондай ақша шықты. Ақшаға бір, жан-жағына бір қарап, таң-тамаша боп тұрып қалды. Көз жетер жерде ешкім байқалмады. Ақшаны ұстап тізерлеп отыра кетті. Жасауға жүзін қолымен басып отырып дауыстап сөйлей бастады: «Я, Раббым! Сен менің хәлімді өзімнен артық білушісің. Әйелімнің ауру екенін, балаларымның аш-жалаңаш екенінен хабардар болдың. Бәрімізді басқа түскен нәубеттен құтқардың. Шүкір, шүкір...». Осылайша, ұзақ уақыт жасын төккен күйі Жаратушыға алғыс айтып, шүкірлігін білдіріп отырды.

Манадан бері одан көз жазбай қарап отырған шәкірттің қос жанары жасқа толып, қатты әсерге бөленді. Ұстазы шәкіртіне қарап:

– Қазір бұрынғы хәліңнен бақыттырақ екеніңді сезіп отырған сияқтысың. Алғашқы ойыңды іске асырғанда қандай күйде болар едің?! – дейді. Шәкірті:

– Иә, ұстаз! Өмір бойы ұмытпастай дәріс алдым. Сізге алғысым шексіз! «Берген кездегі қуаныш алған кездегі қуаныштан артық болады» деген сөздің мағынасын енді түсіндім, – деп жауап қатты.

Bilim.all.kz сайтынан алынды.

ЕСКЕ АЛУ

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Майра Байдәулетқызы 2021 жылы қазан айында 46 жасында өмірден озды.

Еліне елеулі, жұртына қалаулы Майра жанұясының ардақты отанасы, айрандай ұйыған шаңырағының татулығы мен береке-бірлігінің ұйытқысы болған. Үлкенімізге сүйікті келін, кішімізге сүйкімді жеңге, енді бірімізге тату болған абысын, жолдасына асыл жар, балаларының ардақты анасы атанған жаны жайсаң келініміздің өмірден өткеніне де бір жылдың жүзі болыпты.

Істеген ісіне адал, өз ортасына сыйлы, адалдық пен тазалықты пір тұтқан, өз туыстарынан араласатын дос-жарандарынан, абысындарынан көмегін аямайтын, тәрбиелі отбасынан шығып, текті жерге келін болып түсті. Жақсылыққа жаны құмар Майра өзі еңбек еткен ұжымының ортасында сыйлы, қадірлі жан атанды. Әрбір жеткен жетістігі өзіне қанат бітіретін еді. Өте еңбекқор, өмір бойы өзінің адал еңбегімен балаларын оқытып, еңбекке баулыды. Өзім деген адамға жүрегін жұлып беруге әзір тұратын бауырмал жан болған. Амал қанша, қолдан келер шара жоқ, жаратушыға ешкім қарсы тұра алмайтыны шындық.

Турасынан келген ажалға араша бола алмайтын пенде тек көз жасына ерік береді екен. Жаратылысы бөлек, өте кішіпейіл, табиғатынан еңбексүйгіш асыл жан еді. Бұл өмірге қызыға, құмарта қарайтын, бір нәрсені білген үстіне біле бергісі келе беретін, өмірге құштар болатын.

Өмірдің мәні ұзақтығымен емес, артында қалған елжұртына сіңірген еңбегімен өлшенетіні белгілі. Тағдырдың жазуымен Майра жарық айдай бізден алыстап кетті. Ол әрдайым біздің көңіліміздің төрінде, көзден кетсе де, көңілден кетпей, мәңгі есімізде сақталады.

Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдас, орны пейіштің төрінде болсын. Парасат пайымы мол, әр істеген ісіне жауапкершілікпен қарайтын жаны жайсаң Майраны өмірден өткеніне жыл толуына орай еске ала отырып, мына бір өлең жолдарын арнаймын:

Құлпырсын жасыл құрағың,
Өркендей берсін мәңгіге,
Өмірге өзің әкелген,
Айбек, Әлібек, Жәнібек атты ұлдарың.

Туыстарының атынан
Сақыпжамал СҮНДЕТБАЙҚЫЗЫ

ЕЗУТАРТАР

Жұртты күлкіге батырыпты

Баяғыда Қарағанды облысында қазақ әдебиетінің күндері өтетін болып, бір топ қаламгер ел аралап, жер көріп дегендей, осы облыста қонақ болып қайтады. Араларында Қалтай Мұхаметжанов, Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей, Қалмұқан Исабаев, ақындар Сабырхан Асанов, Темірхан Медетбек, тағы басқалар бар. Қалмұқан қайда жүрсе де қуақы тіл, қалжың сөзімен қаламдас достарын күлкіге кенелтіп жүреді екен. Үшінші күні астаналық меймандар екі топқа бөлініп, бірі Егіндібұлақ, енді бірі Тельман ауданына баратын болып келісіледі. Кімді қай жаққа бөлерін білмей, облыс басшылары дағдарып тұрған кезде Қалмұқан Исабаев топ ортаға шығыпты да:

– Қалмұқан, Қалихан, Оралхан, Темірхан, Сабырхан сияқты «хандар» мынау автобусқа отырындар! Ал Қалтай, балтай, шалтайлар анау автобусқа барсын! – деп жұртты тағы да ду күлкіге батырыпты.

«Сендердің көрсеткендерің сол болса...»

Осы сапарда Сырағандармен еріп жүрген обкомның бір қызметкері соңынан, Өскемен қаласындағы бір жиында:

– Біз ақын-жазушыларды, әсіресе Сырбай Мәуленовті құрметтеп, ел мен жерді көрсетіп шапқылап жүрсек, ол кісі еңбек ерлерін жазудың орнына Үлкен Нарын ауылындағы бір кездесуде «Маса» деген өлең оқыды емес пе, – депті мінбеден ренішін айтып.

Бұл сөзді естіген кезде, сол кездегі облыстық газеттің редакторы, қазақ журналистикасының майталман қайраткерінің бірі Мұқан Әбуғалиев орнынан ұшып тұрып:

– Сендердің алғаш көрсеткен кейіпкерлерің маса болса, Сырбай басқа несін жазсын! – деп залдан айқай салыпты.

«Мына ұсынысыңызды ойланайын»

Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов Жамбыл облысының Сарысу ауданында оқырмандармен кездесу өткізеді. Ауыл мектебінің әдебиет пәнінің мұғалімі Әзекеңнің шығармашылығы туралы баяндама жасайды. Мұғалім ұзағынан сөйлеп келіп:

– Сіздің «Махаббат қызық мол жылдар» романыңыз ел-жұртыңыздың жүрегіне жол тапқан ұлы шығарма! – деп сөзін ұрандай қорытады. – Мұндай роман жазған жазушы өлсе де арманы жоқ!

Сонда Әзілхан орнынан баяу тұрып:

– Ғафу етерсің, інім! – депті иіліп тағзым етіп. – Мен «Аңыз бен ақиқат» деген тағы бір дүние жазып жатыр едім. Сол роман аяқталған соң, сіздің мына ұсынысыңыз жайында ойланайын!

qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңғақтардың адам ағзасына тигізер пайдасы өте мол. Олар ағзаны қалыпты жағдайда ұстап, түрлі ауруларға қарсы күресетін күш береді. Жаңғақтың түрлері өте көп және әрқайсысының өз алдына емдік қасиеттері бар. Бүгін біз солардың бірі – грек жаңғағы туралы айтамыз.

ГРЕК ЖАҢҒАҒЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Шын мәнінде грек жаңғағы пайдалы ма, зиян ба? Оларды жиі қолдануға бола ма? Бұл жаңғақтар күш-қуатымызды қалыпқа келтіріп, бойдағы сырқатты жеңуге көмектеседі. Мәселен, қант диабеті. Оның белгілі бір мөлшерін күнделікті ас мәзіріне қосып отырған жөн. Бірақ дәрігерлер күніне 100 грамын ғана пайдалануға кеңес береді, одан көп жеу зиян келтіруі мүмкін. Грек жаңғағы атеросклероз ауруына шалдыққан кезде жақсы көмектеседі. Ми белсенділігін арттырады, ішек жұмысын жақсартады.

Оның құрамында дәрумендер, минералдар, түрлі майлар бар. Олар: В1, В2, С, РР, май, хинон, каротин, жасұнық, тұз т.б. Тіпті, жаңғақ ағашының жапырағының құрамында да денсаулыққа пайдалы элементтер бар.

Жаңғақ қаншалықты пайдалы болғанымен, оның аллергия тудыру қаупі бар. Бойында аллергия, псориаз, экзема сынды аурулары бар адамдар жаңғақты абайлап қолданғаны жөн. Егер омырауда балаңыз болса, жаңғақты көп мөлшерде жемеңіз. Біріншіден, ауыз қуысының уылуына әкеледі, екіншіден, балаға бөртпе шығуы мүмкін.

Грек жаңғағы өте тойымды. Ол наннан екі есе колорияға ие. Сондықтан толысуға бейім жандар да сирек қолданғаны жөн.

Жаңғақтың пайдасының мол екенін халық медицинасы да дәлелдеп келеді. Өзі ғана емес, қабығы мен жапырағы да емдік мақсатта жиі қолданылады. Жапырағынан ауыз қуысына және қызыл иекке арналған тұнба жасайды. Сондай-ақ, оның қайнатпасы жараның тез жазылуына көмектеседі. Отадан қалған ізді кетіреді. Ішекқұрт, қабыну, қант диабеті ауруларынан айығуға көмектеседі. Қан құрамындағы холестеринді азайтады. Сонымен қатар косметикалық мақсатта да қолданылады.

СӨЗ ЖОҚ



Жастар саябағы





Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 906
Индекс 15534